

**"Құс етінің және оның өңделген өнімінің қауіпсіздігі туралы" (ЕАЭО ТР 051/2021)
Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламентіне № 5 қосымшаға
өзгерістер енгізу туралы**

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2023 жылғы 15 ақпандағы № 23 шешімі

Еуразиялық экономикалық одақ туралы 2014 жылғы 29 мамырдағы шарттың 52-бабына және Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 98 шешімімен бекітілген, Еуразиялық экономикалық комиссияның жұмыс регламентіне № 1 қосымшаның 29-тармағына сәйкес, Еуразиялық экономикалық комиссия кеңесі шешті:

1. Қосымшаға сәйкес, Еуразиялық экономикалық одақтың 2021 жылғы 29 қазандағы № 110 шешімімен қабылданған, "Құс етінің және оның өңделген өнімінің қауіпсіздігі туралы" (ЕАЭО ТР 051/2021) Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламентіне № 5 қосымшаға өзгерістер енгізілсін.

2. Осы Шешім ол ресми жарияланған күннен бастап, 30 күнтізбелік күн өткен соң күшіне енеді.

Еуразиялық экономикалық комиссия кеңесінің мүшелері:

Армения	Беларусь	Қазақстан	Қырғыз	Ресей
Республикасынан	Республикасынан	Республикасынан	Республикасынан	Федерациясынан
Құжаттар үшін	Құжаттар үшін	Құжаттар үшін	Құжаттар үшін	Құжаттар үшін
М.Григорян	И.Петришенко	С.Жұманғарин	А.Қасымалиев	А.Оверчук

Еуразиялық экономикалық
комиссия кеңесінің
2023 жылғы 15 ақпандағы
№ 23 шешіміне
ҚОСЫМША

**"Құс етінің және оның өңделген өнімінің қауіпсіздігі туралы" (ЕАЭО ТР 051/2021)
Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламентіне № 5 қосымшаға енгізілген
ӨЗГЕРІСТЕР**

1. Шұжық бұйымдарына қатысты, "Нитриттер" позициясында:

а) екінші бағандағы "150" цифрлары "30" цифрларымен ауыстырылсын.

б) үшінші бағандағы "Шұжық бұйымдары" деген сөздер "3 жастан аса балалардың тамағы үшін шұжық бұйымдары" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. "Құс етінің консервілеріне, пастерленген шұжықтарға, етөсімдік және өсімдік-ет консервілеріне, жартылай өнімдерге, паштеттерге және кулинарлық бұйымдарға

қатысты, нитрозоаминдер (НДМА және НДЭА сомасы) позициясында, екінші бағандағы "0,002" цифрлары "жол берілмейді ($<0,001$)*" деген сөздермен ауыстырылсын.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК